

Түркістан облысы
Шардара ауданы
Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебі

Бекітемін:

мектеп директоры:

Ж.Нұрымбет



Сынып сағаты

Тақырыбы:

"Тәуелсіздік жетістіктері"

9 «В» сынып жетекшісі:

Туреев Бауыржан

2021-2022 оқу жылы

Сынып сағатының тақырыбы: «Тәуелсіздік жетістіктері»

Сынып сағатының мақсаты: оқушылардың бойында отансүйгіштік сезім ұялату, ҚР Тәуелсіздік кезіндегі жетістіктерімен таныстыру

- Сәлеметсіздер ме, балалар. Жаңа оқу жылы құтты болсын! Бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Тәуелсіздік жетістіктері» деп аталады.

Ағыл да тегіл арындап арман ағысы,
бүтіндеп бойын бүрленді бүкіл бақ іші.
Жанданып жатыр жарасын жалап жазатын
табанын тұздан тоздырған тұздің тағысы.
Қағанаттардан Қазақстанға жеткендей,
камшы салдырмас қазанаттардың шабысы.

Айбаты асқақ арыстандайын алыстым,
Абылай болып жаныштым мысын Шарыштың.
Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек –
алты алаш үшін құрбаны болған Намыстың.
Қайрат пен Ербол, Сәбира, Ләззат көз жұмған
Желтоқсандағы ызғарлы желмен қағыстым.

Бүгінгі тәрбие сағатымыз Қазақстан Республикасының тәуелсіздік мерекесіне арналады. Қазақстан өзін тәуелсіз ел ретінде жариялады. Биыл Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл. «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тәрбие сағатымыз халқымыздың тәуелсіздікке жету жолындағы ерлік күресі мен қазіргі қазақстанның жетістіктеріне арналады.

Қазақстан жетістіктері:

1991 жыл:

- 1-желтоқсанда Қазақстан Республикасының президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.
- 16-желтоқсанда Қазақстан Республикасы тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет деп жарияланды.

- 2-казанда Байқоңырдан «Союз-ТМ-13» кемесімен ғарышқа қазақтың тұңғыш ғарышкері Әубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлы ұшты.
- 29-тамызда ҚР президенті Н.Ә Назарбаевтың жарлығымен Семей полигоны жабылды.

1994 жыл:

- Талғат Мұсабаев «Союз ТМ6» ғарыш кемесімен ғарышқа ұшты.
- 5-желтоқсанда Будапештте Ұлыбритания, Ресей және Америка Құрама Штаттарының басшылары Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне кепілдік беру туралы Меморандумға қол қойды.
- Наурыз айында ҚР тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев Еуроазиялық Одақты құру жөнінде мәселе көтерді.
- ҚР парламенті стратегиялық маңызды «Мұнай туралы» заң жобасын қабылдады.

1995 жыл:

- ЮНЕСКО шешімі бойынша ақыл-ойдың данышпаны қазақ халқының дана акыны Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойы атап өтілді.
- 1-наурызда Қазақстан Республикасының президентінің Қазақстан халықтары ассамблеясын құру туралы жарлығы шықты.
- 30-тамызда еліміздің Ата Заңы жаңа Конституция қабылданды.

1996 жыл:

-25 мамырда Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасында Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа сонымен қатар Байқоңыр ғарыш айлағын пайдалану тәртібі туралы келісімге қол қойды.

- ұлы акын, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың жылы деп аталып өтті.

1997 жыл:

- Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы және қуғын-сүргіндерді еске алу жылы болып саналды.
- 20-маусым «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» заң қабылданды.
- Көші-қон және демографиялық агенттігі құрылды.
- 10-желтоқсан Ақмола қаласы Астана болып жарияланды.
- ҚР «Тіл туралы» Заңы қабылданды.
- Білім заңы қабылданды.

- 11-желтоқсан Қазақстан халқына «Қазақстан 20-30» жолдауы қабылданды.

2002 жыл:

- Елімізде денсаулық жылы болып жарияланды
- ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев ЕурАзЭК Мемлекетаралық Кеңесінің Төрағасы лауазымына сайланды.
- «Астана-Бәйтерек» монументі салынды.
- Алматыда Давос аясындағы Еуразиялық экономикалық саммит өткізілді.
- Түркістан қаласында қазақтардың Екінші дүниежүзілік құрылтайы болып өтті.

2013 жыл:

- «Әділет» және «Руханият» партиялары бірігіп жаңа бір саяси партия құрды және оның аты «Бірлік» болып аталды.
- 2013 жылы EXPO 2017 өткізу құқығын алдық.

2016 жыл:

- Тәуелсіздікке 25 жыл толды.
- Қостанай қаласына 80 жыл толды.
- Ұлт-азаттық көтеріліске 100 жыл
- Ыбырай Алтынсариннің 175 жылдығы аталып өтті
- Қазақстандықтар олимпиадада барлығы 17 медаль (3 алтын, 5 күміс, 9 қола) алып, ел спорты тарихында жүлделер саны жөнінен рекордтық көрсеткішке қол жеткізді

4-маусым Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздер күні

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков.

